

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын мүдделі мемлекеттік органдармен 2023-2026 жылдарға арналған
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жолдары

2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысының жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығын негізге ала отырып, құрылып, бекітілді. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, оның ішінде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, жылдық, айлық, апталық жұмыстармен қатар, бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделген ұлттық құндылықтар жүзеге асырылды.

[/public/files/2025/1/14/140125_132328_trbie-skan2425.pdf](#)

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалды. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді.

Тәрбие беру жұмысының пайымы: Жеке тұлғаның ақпараттық – коммуникациялық құзырлығы негізінде рухани - адамгершілік дамуын қалыптастыру.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделді.

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырып, сынып сағаттары жыл көлемінде отыз төрт сағатпен құрылып, соның ішінде педагог-психологтың әр сыныпта жылына төрт тақырып бойынша сынып сағаты енгізілді.

Әр оқу жылы сайын сынып жетекшілер бірлестігінің отырысында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырып, талқыланып, 1-11 сыныптарда сынып сағаттары жыл көлемінде отыз төрт сағатпен, қырық үш сыныптан тыс жұмыспен, алты жобамен іске асырылды.

[/public/files/2025/1/15/150125_152707_synyp-ghetekshler-brlestgn-ghmys-ghospary-2024-2025-ou-ghyly.pdf](#)

Мектепшілік бақылау жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының негізінде тоғыз бөлімнен құрылып, ай сайын тәрбие жұмысының мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, жұмыс түрлері бақыланды.

[/public/files/2025/1/14/140125_184602_trbie-ghmysy-boyyynsha-mektepshlk-baylau-ghospary-2024-2025-ou-ghyly.pdf](#)

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау §125 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. I, II, III, IV тоқсанның мамыр айына дейінгі тақырыбы сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды. [/public/files/2025/1/16/160125_180528_ghol-ozalysy-eregheler-ou-pnn-lglk-kntzbelk-tayrypty-ghospary.pdf](#)









2024-2025 оқу жылы білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары, яғни элеуметтік жобаларды («Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы») жүзеге асырудағы жетістіктер мен қиындықтар немесе кедергілерді анықтау мақсатында, күнделікті үзіліс кезінде «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», ата-аналармен «Өнегелі 15 минут», білім алушылармен «Үнем тұтыну» парақшалары таратылса, жыл көлемінде «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі,

«Әншуак», «ДосболLКЕ», «Ақындар айтысы», «Пікірталас турнирлері», «Мектеп парламентінің президентін сайлау», әр апта сайын мемлекеттік Гимн шырқалып, сынып сағаттарымен қауіпсіздік сабақтары жүргізіліп, оқу-тәрбие барысында дәйексөздермен жұмыстар жалғасын тапты.

Ай сайын «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Әділдік және жауапкершілік», «Бірлік және ынтымақ», «Заң және тәртіп», «Жасампаздық және жаңашылдық», «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Бірлік және ынтымақ» атты құндылық тақырыптарына байланысты қырық үш сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылып, интернет желісіне жарияланды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын мүдделі мемлекеттік органдармен 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын және кешенді жоспарын жүзеге асыру үшін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.М.Кенжина мектепшілік және аудан көлемінде ата-аналар жиналысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі», Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институты» көшпелі тәжірибелік сабақтар бағдарламасы «Стратегиялық менеджмент-табысты басқару жүйесінің негізі» аясында «Мектептің тәрбие әлеуетін дамыту» тақырыбында шебер сынып, «Сапа мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері» облыстық семинар бағдарламасында «Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасы: заманауи тәсілдері, даму жолдары» және Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Батыс Қазақстан облысы бойынша кәсіби даму институты филиалының ұйымдастыруымен өткен «Тәрбие - қазіргі заманның жаһандық сыни қатері ретінде» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясында өз тәжірибесімен бөлісіп, сертификат иеленіп, жинаққа мақаласы жариялады.

2024-2025 оқу жылының жетістіктері

Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
<p>«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ Тәрбие жұмысы бағытының өркендеуіне үлес қосқаны үшін Алғыс хат</p> 	<p>Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Ақмола облысы бойынша кәсіби даму институты Сертификат</p> 	<p>Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты Алғыс хат</p> 	<p>«Тәрбие – қазіргі заманның жаһандық сын қатері» тақырыбында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясына қатысқаны үшін</p> 
<p>«Ардагер ұстаздар мен жас педагогтердің ынтымақтастығы» атты аудандық семинарда өз тәжірибесімен бөліскені үшін сертификат</p> 	<p>Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасы заманауи тәсілдері, даму жолдары</p> 	<p>«AQYL-OL» Республикалық ғылым - білім дамыту орталығы, Қазақстан Республикасы Білім саласы қызметкерлерінің арасында өткізілген «Ең үздік сабақ жоспары-2024» II республикалық байқауында I дәрежелі диплом</p> 	<p>Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясы. Мақала жинаққа енді.</p> 

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, туған жерге, елге, мектебіне деген патриоттық сезімдерді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар оқу жылы көлемінде ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 1-11 сыныптарда «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында алғашқы сынып сағаттары өткізіліп, әлеуметтік желілерде «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджі аясында 1-2 минуттық бейнероликтер орналастырылып, сынып сағаттары мен сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды.

«Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру аясында көркем ғылыми, оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен және оқырман мәдениетін насихаттайтын елордалық «OYORDA» қауымдастығының мүшелері, еріктілер мен оқырмандары, оқушыларымыз қызығып оқитын заманауи 125 кітап, кітап сөресін және Көкшетау қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебі "Букроссинг" кітап алмасу акциясын ұйымдастырып, кітапханамызға 429 дана сыйға тартты. Оқушыларымызды таныстыру мақсатында кітапханада «Жаңа кітаптар» көрмесі ұйымдастырылып, кішкентай оқырмандарды өздерінің сүйікті ертегілері мен өлеңдері бар, түрлі-түсті иллюстрацияларға толы кітаптар мен таңғажайып энциклопедиялар, квест-кітаптарымен танысты. Жаңа оқу жылында кітапханамыз «TopIQ kz» платформасы

бойынша жұмыс жасады. Бұл электрондық оқулықтар платформасының оқушылар үшін тиімділігі аса зор. Мемлекеттік білім беру бағдарламасы аясында интерактивті және мультимедиялық барлық материалдарды аталған электрондық оқулықтардан табуға ыңғайлы.

Қамқор жобасы аясында экологиялық маңызды шаралар ұйымдастырылды. "Жер сағаты" акциясында қатысушылар жарықты сөндіріп, табиғатқа құрмет көрсету маңыздығын түсінді. "Түлектердің ағаш егу" челленджінде түлектер мен оқушылар ағаш көшеттерін егу арқылы табиғатты қорғауға атсалысты. Ал "Табиғатқа қамқорлық жасаймыз" шарасы жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға бағытталды. Барлық шаралар экологиялық сананы қалыптастыру мен табиғатқа қамқорлықты насихаттау мақсатында өткізілді.

«Еңбегі адал — жас өрен» жобасы аясында «Мамандықтар әлемі» атты ақпараттық бағдарлама, мектептің әлеуметтік желілерінде мамандықтар туралы материалдар жариялау және «Мамандықтар марафоны» байқауы өткізілді. Бұл шаралар оқушыларға кәсіби бағытта кеңестер мен ақпараттар ұсынуға, мамандықтар әлемін танып білуге мүмкіндік берді. Оқушылар өздерінің болашақ кәсіби таңдауын жасау үшін қажетті білімдер мен дағдыларды алды. Сонымен қатар, шаралар барысында алынған ақпараттар жастардың мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, болашақ еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуға ықпал етті.

«Smart BALA» жобасы робототехника үйірмесінде «Startup» байқауы мен «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы ұйымдастырылды. Бұл шаралар оқушылардың инновациялық ойлау қабілетін арттырып, ғылыми зерттеулер мен шығармашылық жобаларды әзірлеуге деген қызығушылықтарын оятты. Оқушылар байқаулар мен конкурстар барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын меңгеріп, өнертапқыштық бағытта алғашқы қадамдарын жасады. Нәтижесінде, жас буынның ғылым мен технологияға деген қызығушылығы артып, олардың болашақта ғылыми салада жетістіктерге жетуіне ықпал ететін білім мен тәжірибе жинақталды.

«Шабыт» жобасында «Әншуақ» фестивалі, «Домбыра күні» концерті, «Ұлттық мәдениет» көрмесі, «Мектеп театры» сияқты іс-шаралар балалардың шығармашылық әлеуетін ашады, өз идеяларын еркін білдіруге, өнер мен шығармашылықтың әртүрлі түрлеріне қызығушылық танытуға ықпалын тигізіп, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға көмектесіп, балалар өз халқының мәдениетін, тарихын және өнерін тереңірек түсініп, ұлттық сезімін қалыптастырып, мәдени мұраны бағалауға үйренді.

Аудан көлемінде өткен кітапханашылар семинарында Б.Ө.Төлебаева, «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында жаңадан жабдықталған кітапхананың мүмкіншіліктерін көрсетіп, «Кабис» бағдарламасымен жұмыс жасауды және «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар жайлы мағлұмат беріп өтті.